

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы табиғи газды сұйыту зауытын салу және пайдалану туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 қарашадағы № 1280 қаулысы

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заны 15-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2013 жылғы 30 мамырда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы табиғи газды сұйыту зауытын салу және пайдалану туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i> Қазақстан Үкіметінің 2013 №	<i>Қазақстан</i> Республикасы жылғы 1280	<i>С. Ахметов</i> Республикасы қарашадағы 29 қаулысымен мақұлданған	<i>Республикасының</i>
---	---	--	------------------------

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы табиғи газды сұйыту зауытын салу және пайдалану туралы келісім**

(2014 жылғы 6 ақпанда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2014 ж., № 3, 26-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі 2012 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы «Сарыбұлақ - Зимұнай» газ құбырын салу мен пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімді басшылыққа ала отырып, газ саласындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастықты дамытуға және қазақстандық

көмірсүтек шикізатын қайта өндеу саласында өзара тиімді жағдайлар жасауға ықпал  
е т у г е н и е т б іл д ір е о т ы р ы п ,  
төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Тараптар жиынтықтаушы жүйесі бар табиғи газды сұйыту (бұдан әрі - ТГС зауыты) зауытын салуды және оны пайдалануды қолдауға келісті.

ТГС зауытын жобалау мен салуды жүзеге асыратын үйым «Шыңжан Гуаньхэй Зимұнай ТГС даму» жауапкершілігі шектеулі қоғамы (бұдан әрі - Қытай үйымы) болып та б ы л а д ы .

Қытай үйымы Қазақстан Республикасының аумағында газ көздерінің жанынан қазіргі заманғы ТГС зауытын жобалау мен салуды қаржыландыруды өз мойнына алады

Казақстан Республикасының аумағындағы ТГС зауытының жұмыс істеу шарттары мен оны пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады .

Зауытты салу жөніндегі жобалау құжаттамасын әзірлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы зауытты салу орнын, сондай-ақ оны табиғи газбен қамтамасыз ету көзін Қазақстан Тарапынан құзыретті орган айқындайды. Ұсынылған деректерге негізделе отырып, Қытай үйымы ТГС зауытын салудың техникалық-экономикалық негізdemесін (бұдан әрі - ТЭН) әзірлейді және зауытты салу жөніндегі жобаны іске асыруға кіріседі.

ТЭН-нің теріс қорытындысы болған жағдайда, Қазақстан Тарапының құзыретті органы ТГС зауытын салудың өзге орнын белгілейді.

Қазақстан Республикасында шетелдік жұмыс күшін тарту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## 2-бап

ТГС зауытын газбен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Тарапы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зауытты пайдалану кезеңінде газды жеткізу бойынша жәрдем көрсетеді .

ТГС зауытын басқаруды жүзеге асыратын Қытай үйымы Қазақстан Республикасының ішкі нарығына газды ТГС зауытында өндөлген газдың кемінде 50 % -ы көлемінде жеткізуді қамтамасыз етеді.

Сұйытылған табиғи газды өткізу бағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

### **3-бап**

Осы Келісімнің орындалуын үйлестіруді және бақылауды Тараптардың құзыретті органдары :

Казақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі;

Қытай Тарапынан - Қытай Халық Республикасының Энергетика жөніндегі мемлекеттік басқармасы жүзеге асырады.

Өздерінің құзыретті органдарын қайта атаған немесе өзгерген жағдайда Тараптар бұл туралы бір-бірін дипломатиялық арналар арқылы хабардар етеді.

### **4-бап**

Кез келген Тараптың осы Келісімді орындауына әсерін тигізетін мән-жайлар туындаған жағдайда, Тараптар осы Келісімді іске асыру мақсатында кедергілерді жою үшін қолайлы шараларды қабылдайды.

Тараптардың мемлекеттік құзыретті органдары арасындағы келіссөздерде жойылуы мүмкін болмайтын осы Келісімді түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты кез келген келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешіледі.

### **5-бап**

Осы Келісім Тараптар қатысуышылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындастын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

### **6-бап**

Тараптар өзгеше уағдаласпаса, Тараптардың бірде-біреуі осы Келісімді іске асыру шенберінде өздері алған ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

### **7-бап**

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөліктері болып табылатын және жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін.

### **8-бап**

Осы Келісім оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күнінен бастап күшіне енеді.

2013 жылғы 30 мамырда Астана қаласында, әрқайсысы қазақ, қытай және орыс

тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін басшылыққа алынады.

*Қазақстан Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Қытай Халық Республикасының*

*Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК